ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161200, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 16 ғимарат тел.: 8 (72533) 5-94-10, 8/700/205-94-10, ММ коды 1203501; БИК KKMFKZ2A, ИИК KZ42070102KSN3801000, БИН 160240017052 Түркістан облысы бойынша ҚР ҚМ "қазынашылық департаменті" ММ

161200, город Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, здание 16 тел.: 8 (72533) 5-94-10, факс 8/700/205-94-10, код ГУ 1203501 БИК KKMFKZ2A, ИИК KZ42070102KSN3801000, БИН 160240017052 ГУ "Департамент казначейства" по Туркестанской области КФ МФ РК


________________________ № ______________

**Шардара ауданының**
**білім бөлімінің басшысы**
**Ж. Мұсатаеваға**

Түркістан облысының білім басқармасы *(бұдан әрі – Басқарма)* Шардара ауданындағы «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің ыңғайластырылған ғимаратының тозығы жетіп, спорт және мәжіліс залы, асхана, пән кабинеттері, мұғалімдер бөлмесімен шеберханалар бөлмесі қарастырылмағандықтан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы № 963 қаулысына сәйкес жаңа 1200 орындық ғимарат салу жоспарланған.

***Анықтама үшін:*** *№4 мөлтек ауданнан жайлы мектеп салуға негіздеме №12 жалпы білім беретін мектебінің ғимараттары 1970-2003 жылдары ыңғайластырылған үлгіде* ***250*** *оқушыға арналып салынғандықтан спорт зал, мәжіліс залы, асхана биология, химия, физика, робототехника, өсімдіктану лабораториялық, лингафонды-мультимедиялық, еңбек кабинеттері мен шеберханалары мүлде жоқ. Мектептің жобалық қуаттылығы* ***250 орын****, оқушы саны* ***717, 342 оқушы артық оқиды****. Мектеп үш аусымға өту қаупі бар. Бұл оқушыларға мемлекеттік талап пен стандарттар деңгейінде білім беру ісін өз дәрежесінде жүргізуге мүмкіндік бермейді.*

Бүгінгі таңда, «Samruk-Kazyna Construction» тарапынан (*«Integra Construction KZ» мердігер мекемесі)* Шардара ауданы, №4 шағын мөлтек ауданында орналасқан «Жайлы мектеп» Ұлттық пилоттық жобасы шеңберінде салынған 1200 оқушы орынға арналған мектебінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының аяқталуына байланысты, Шардара ауданы білім бөліміне қарасты «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің құрал-жабдықтарымен қоса қабылдау-өткізу актісімен пайдаланушы мекемеге толық көшіру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын.

Сонымен қатар, жаңа ғимаратты ресми ашу жөніндегі бағдарламаны жасап, атқарылған жұмыстармен бірге а.ж. 20 қарашаға дейін аралық ақпаратты Басқармаға ұсыну қажет.

**Басшының м.а.** **А. Қасымбекова**

*Орынд.: А. Таңғатаров*
*Тел.: 8-700-205-92-72*